

## Сайрам ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 14-109/VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 наурызда № 6499-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 35-244/VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 24.12.2025 № 35-244/VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады) шешімімен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Сайрам аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сайрам ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Мәслихат төрағасы*

*Ш. Халмурадов*